

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 2, Number 306 (2016), 77 – 81

UDC 541.1.38

**DISSOLUTION OF NICKEL AT POLARIZATION BY ALTERNATING CURRENT IN
SULPHATE SOLUTION**

A.B. Bayeshov¹, A.S. Kadirbayeva², A.K. Bayeshova³, M.U. Abilova⁴

^{1,2} «Institute of Fuel, Catalysis and Electrochemistry of D.V. Sokolsky», Almaty, Kazakhstan

^{3,4} Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

bayeshov@mail.ru, altinay_aidyn2789@mail.ru, azhar_b@bk.ru

Key words: electrolysis, alternating current, nickel, electrode, polarization.

Abstract. In this work the regularities of dissolution of nickel at polarization by industrial alternating current with a frequency of 50 Hz of a pair of electrodes nickel-titanium in sulfuric acid solution are investigated. The features of the dissolution of nickel in sulfuric acid forming nickel sulfate (NiSO_4) are defined and the effect of the main electrochemical parameters (current density, electrolyte concentration) to the yield on current of nickel dissolution is considered. With increasing of the current density in the interval 10-300 g/m^2 on a titanium electrode the yield on current of nickel dissolution higher than 100%. At this moment the maximum value of speed of dissolution of nickel is equal to 150 $\text{g/m}^2 \cdot \text{h}$. Change of current density on the nickel electrode in the interval 50-300 A/m^2 the yield on current of formation of nickel sulfate is reduced from 160% for 60%.

УДК 541.1.38

**АЙНЫМАЛЫ ТОКПЕН ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАНГАН НИКЕЛЬДІҢ КҮКІРТ
ҚЫШҚЫЛЫ ЕРІТІНДІСІНДЕ ЕРУІ**

А.Б. Баешов¹, А.С. Кадирбаева², А.Қ. Баешова³, М.У. Абилова⁴

^{3,4} Әл-Фараби атындағы Қазақ-Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

^{1,2} «Д.В. Сокольский атындағы органикалық катализ және электрохимия институты» АҚ, Алматы,

Қазақстан

bayeshov@mail.ru, altinay_aidyn2789@mail.ru, azhar_b@bk.ru

Тірек сөздер: электролиз, айнымалы ток, никель, электрод, поляризация.

Аннотта. Бұл ғылыми еңбекте күкірт қышқылы ерітіндісінде никель-титан жұбы электродтарын жайлігі 50 Гц өндірістік айнымалы токпен поляризациялау кезінде никельдің еру заңдылықтары зерттелінді. Никель электродтарының күкірт қышқылы ерітіндісінде никель (II) сульфатын (NiSO_4) түзе еру ерекшеліктері анықталып, оларға негізгі электрохимиялық параметрлердің (ток тығыздығы, ертінді концентрациясы) әсерлері қарастырылды. Титан электродындағы ток тығыздығын 10-300 kA/m^2 аралығында арттырығанда, никель сульфатының түзілуінің ток бойынша шығымы 100 %-дан асатындығы көрсетілді. Осы кезде, никельдің еру жылдамдығының максималды мәні 150 $\text{g/m}^2 \cdot \text{сағ}$ құрайды. Никель электродының ток тығыздығының әсерін 50-300 A/m^2 интервалында өзгертуенде, никель сульфатының түзілуінің ток бойынша шығымы 160%-дан 60 %-ға дейін төмендейтіндігі көрсетілді.

Никельдің - механикалық, электрлік және термоэлектрлік, магниттік қасиеттеріне байланысты және коррозияға тәзімділігі ете жоғары болғандықтан құймалар (темір, хром, мыс) алуда кеңінен қолданылады. Фарыш техникасының дамуына байланысты жоғары температураға тәзімді хромникельді құймалар алуда және сілтілі аккумуляторлар жасауда да пайдаланылып келеді. Соңғы жылдары таза никель химиялық аппараттар жасауда және көптеген химиялық процестерде катализатор ретінде де қолданылып жүр [1-6]. Никельдің металл түріндегі қалдықтарын өндеп, оның пайдалы қосылыстарын алу актуальды проблемалардың бірі.

Айнымалы токтың түрлі формаларын пайдалану, металдардың анодты еру процесінің


интенсивті жүруіне және электродтың пассивацияланбауына мүмкіндік береді [7-17]. Жиілігі 50 Гц айнымалы ток электролизі кезінде, электродта бағытталған реакциялар орын алғып, электролиз нәтижесінде металл оксидтерінің түзілуі [18-20] жұмыстарда көрсетілген.

Ғылыми жұмыстың мақсаты – жиілігі 50 Гц өндірістік айнымалы токпен никель-титан жұбы электродтарын поляризациялау кезінде күкірт қышқылы ерітіндісіндегі никельдің электрохимиялық еруін зерттеу.

Айнымалы токпен поляризациялау арқылы никель электродын күкірт қышқылы ерітіндісінде ерітуге арналған электролиз қондырғысының жалпы көрінісі 1-суретте келтірілген.

Тәжірибелер электрод кеңістігі белінбеген сыйымдылығы 100 мл-лік термостатты шыны электролизерде (1) жүргізді. Электролит ретінде күкірт қышқылы ерітіндісі пайдаланылды. Электродтар ретінде титан сымының (3) шеткі беті (ауданы $3 \cdot 10^{-6} \text{ м}^2$) және никельден (2) жасалған (өлшемі $11,25 \cdot 10^{-4} \text{ м}^2$) тік бұрышты пластинкасы қолданылды. Электролизердегі электродтардың арақашықтығы 2,5 см. Электролиз ұзақтығы - 0,5 сағ. Тізбектен өткен айнымалы ток зертханалық трансформаторлар (4) (ЛАТР) көмегімен басқарылып, ток күші айнымалы ток амперметрі (5) арқылы өлшенді. Ток бойынша шығымы айнымалы токтың анодты жартылай периодына есептелінді.

Зерттеу барысында никель электродының еруінің жылдамдығына және никель сульфатының түзілуінің ток бойынша шығымына титан электродындағы ток тығыздығының ($10-300 \text{ кA/m}^2$), никель электродындағы ток тығыздығының ($50-300 \text{ A/m}^2$), күкірт қышқылы ерітіндісінің концентрациясының ($50-200 \text{ г/л}$) әсерлері зерттелінді.



1 – электролизер, 2 – никель электроды, 3 – титан электроды, 4 – айнымалы ток көзі – ЛАТР, 5 – амперметр, 6 – кілт 1-сурет – Айнымалы токпен поляризацияланған никель электродын күкірт қышқылы ерітіндісінде электрохимиялық ерітуге арналған қондырғының принципиальды схемасы


Жиілігі 50 Гц өндірістік айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі күкірт қышқылы ерітіндісінде никель электродының еруіне титан электродының ток тығыздығының әсері зерттелінді және никель электродының еру жылдамдығы есептелінді (2-сурет). Титан электродындағы ток тығыздығын $10-300 \text{ кA/m}^2$ аралығында жоғарылату барысында, никель электродының еруінің ток бойынша шығымы артады.


Бұл құбылысты ток тығыздығының өсуіне байланысты әртүрлі жартылай өткізгіштік қасиетке ие Ti_xO_y оксид пленкаларының түзілуімен түсіндіруге болады. Осы кезде, никельдің еру жылдамдығының максималды мөні $150 \text{ г/м}^2 \cdot \text{сағ}$ құрайды, ал еруінің ток бойынша шығымы 120 %. Никельдің еруінің ток бойынша шығымының 100 %-дан асуы, бұл металдың теріс метал ретінде күкірт қышқылында еруімен түсіндіруге болады.

Зерттеу нәтижелері поляризацияланбаған никель электроды сүйытылған күкірт қышқылы ерітіндісінде ерімейтіндігін көрсетті, тек беттік әрекеттесу ғана жүзеге асады. Никель электродын айнымалы токпен поляризациялау барысында, айнымалы токтың анодтық жартылай периодында никель тотығады:



Ал, катодтық жартылай периодта никель электродының бетінде сутегі иондарының тотықсыздану аса кернеулігі тәмен болғандықтан, осы реакция орын алады:





2-сурет – Никель-титан электродтар жұбын айнымалы токпен поляризациялау кезінде никельдің еруінің ток бойынша шығымына (1) және никель электродының еру жылдамдығына (2) титан электродындағы ток тығыздығының әсері

ал, никель иондарының қайта тотықсыздануының үлесі күкірт қышқылы концентрациясы төмендеген сайын арта туседі:




ал ете қышқылды ортада (3) реакцияның жылдамдығы үрт төмендейді.

Күкірт қышқылды ортада никель иондары сульфат- иондарымен эрекеттесіп никель сульфаты түзіледі:



Никель электроды еріп никель сульфатының түзілуі нәтижесінде электролизердегі электролит жасыл түске ие болады. Түзілген никель (II) сульфаты, металдардың бетін коррозиядан қорғаушы қаптама ретінде, металдар бетін никельдеу өндірісінде кеңінен қолданылады. Ал, ете жұқа никель қаптамалары түрмиста және өндірісте жиі пайдаланыс тауып келеді.


3-суретте көрсетілгендей, никель-титан электродтар жұбын айнымалы токпен поляризациялау кезінде, никельдің еру жылдамдығына және никельдің еруінің ток бойынша шығымына, никель электродындағы ток тығыздығының әсері зерттелінді. Никель электродының ток тығыздығының әсерін 50-300 A/m² интервалында өзгертукенде, никель электродының еруінің ток бойынша шығымы 160%-дан 60%-ға дейін төмендейді. Ал, никель электродындағы ток тығыздығының артуымен, никельдің еру жылдамдығы 90 г/m²·саг-тан 135 г/m²·саг - қа дейін артады.



3-сурет – Никель-титан электродтар жұбын айнымалы токпен поляризациялау кезінде никель сульфатының түзілуінің ток бойынша шығымына(1) және никель электродының еру жылдамдығына (2) никель электродындағы ток тығыздығының әсері

Никель-титан электродтар жұбын айнымалы токпен поляризациялау кезінде никельдің еруінің ток бойынша шығымына күкірт қышқылы ерітіндісінің концентрациясының әсері 4-суретте көрсетілген. Алынған тәуелділіктен қышқыл концентрациясының артуымен, никель электродының еру жылдамдығының оның еруінің ток бойынша шығымының мәндері максимум арқылы өтетінін көруге болады. Қышқыл концентрациясы 100 г/л-ге арттырылғанда, никельдің еру жылдамдығының

және никель сульфатының түзілудегі ток бойынша шығымы максималды мәнге жетеді, ал одан ары қарай қышқыл концентрациясының артуымен ток бойынша шығым төмендейді.



$$i_{Ti} = 200 \text{ kA/m}^2; i_{Ni} = 200 \text{ A/m}^2; t = 0,5 \text{ саf.}$$

4-сурет – Никель-титан электродтар жұбын айнымалы токпен поляризациялау кезінде никель сульфатының түзілудегі ток бойынша шығымына (1) және никель электродының еру жылдамдығына (2) күкірт қышқылы ерітіндісінің концентрациясының әсері

Күкірт қышқылы ерітіндісінің концентрациясының артуымен, түзілген тұздың электрод бетінде қапталуы орын алып, активті электрод бетін тұзды пассивацияға ұшыратады. Бұл жағдай, электродтың еру жылдамдығы мен никель сульфатының түзілудегі ток бойынша шығымының төмендеуіне әкеледі.

Электролизден кейін электролитті буландырып алынған тұнбаға рентгенофазалық және химиялық анализ жасалынды. Анализ нәтижелері $\text{NiSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ қосылысының түзілетіндігін көрсетті.

Сонымен, электролиз нәтижелері, никель-титан электродтарын жұптастырып күкірт қышқылы ерітіндісінде жиілігі 50 Гц өндірістік айнымалы токпен поляризациялау кезінде никельдің жоғары ток бойынша шығыммен никель сульфатын түзе еритіндігі анықталды. Электролиздің онтайтын параметрлері қалыптастырылды: титан электродының ток тығыздығы 300 kA/m^2 , никель электродындағы ток тығыздығы 50 A/m^2 , күкірт қышқылы ерітіндісінің концентрациясы 100 г/л. Айнымалы токты пайдалану арқылы тұрмыста және өндірісте көнінен қолданылатын $\text{NiSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ қосылысы синезделетіндігі анықталды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Лидин Р.А., Молочко В.А., Андреева Л.Л. Химические свойства неорганических веществ / под ред. Р.А. Лидина. – М.: Химия, 2000. - 480 с.
- [2] Береговский В. И. Никель и его значение для народного хозяйства. – Москва: Металлургия, 1964. - 405с.
- [3] Дрица М. Е. Свойства элементов / Справочник. под общей ред. зас. – Москва: Металлургия, 1985. - 600с.
- [4] Самсонова Г. В. Физико-химические свойства элементов. Академия наук Украинской ССР институт проблем материаловедения / Справочник. Под ред. чл. Корр. АН УССР. – Киев: 1965. - 806с.
- [5] Кубасов В.Л. Банников В.В. Электрохимическая технология неорганических веществ/ Учеб. для техникумов хим- технол. спец. – Москва: Химия, 1989. - 288с.
- [6] Абрикосов А.А. Основы теории металлов. Учеб. руководство. – М.: Наука, 1987. – 520 с.
- [7] Баешов А. Электрохимические процессы при поляризации нестационарными токами// Известия НАН РК. Серия химия и технологии. - 2011. - №2. – С.3-23.
- [8] Баешов А. Электрохимические методы извлечения меди, халькогенов и синтеза их соединений. Алма-Ата: Наука, 1990, 108 с.
- [9] Баешов А., Баешрова А.К. Электрохимические способы получения неорганических веществ. - Lambert: Academic Publishing, 2012. - 72 с.
- [10] Бекенова Г.С., Баешов А.Б. Айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі никель электродтарының тұз қышқылы ерітіндісіндегі электрохимиялық қасиеттері // К.А.Ясауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. -2003. - №2. – 40-43 б.
- [11] Бекенова Г.С., Баешов А.Б., Конырбаев А.Е. Өндірістік жиіліктегі стационарлы емес токпен поляризацияланған никель электродының қышқылы ортадағы электрохимиялық еру процесін зерттеу // К.А. Ясауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. – 2003. - №6. – 9-14 б.
- [12] Баешов А.Б., Бекенова Г.С., Баешрова А.К., Конырбаев А.Е. Айнымалы асимметриялық токпен қышқылы ортада поляризацияланған никель электродының электрохимиялық қасиеттері // КР Үлттық Ғылым Академиясының хабаршысы. – 2004. - №6. – 171-175 б.
- [13] Бекенова Г.С., Баешов А.Б., Конырбаев А.Е. Никельдің металл қалдықтарынан айнымалы токпен

поляризациялау арқылы оның неорганикалық қосылыштарын синтездеу // Ізденис. Жаратылыстану және техникалық ғылымдар сериясы. – 2004. - №1(2). – 18-21 б.

[14] Бекенова Г.С., Баешов А.Б. Азот қышқылы ерітіндісінде айнымалы токпен поляризацияланган никель электродының электрохимиялық қасиеттері // Ізденис. Жаратылыстану және техникалық ғылымдар сериясы. – 2005. - №1(2). – 18-21 б.

[15] Баешов А.Б., Бекенова Г.С., Баешова А.К. Нейтрал ортада никель электродын айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі электрохимиялық қасиеттері // «Е. Бокетовтің ғылыми мұрасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Петропавл, 2005. – 122-124 б.

[16] Баешов А.Б., Бекенова Г.С., Баешова А.К. Нейтрал ортада айнымалы ассиметриялық токпен поляризацияланган никель электродының электрохимиялық қасиеттері // «Шокан тағылымы - 10» атты Халықаралық ғылыми конференциясы. – Қоқшетау, 2005. – 216-222 б.

[17] Бекенова Г.С., Баешов А.Б. Никель электродын айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі электрохимиялық қасиеті // «Электрохимия және катализ саласындағы инновациялық нанотехнологиялар» Халықаралық ғылыми конференциясының тезистері. – Алматы, 2006. – 54 б.

[18] A. B. Baeshov, A.S. Kadirkayeva, M. J. Jurinov. Dissolution of a copper electrode in sulfuric Acid at polarization by an industrial Alternating current. International Journal of Chemical Scince. Int. J. Chem. Sci.: 12(3), 2014. – P. 1009-1014.

[19] Бекенова Г.С., Баешов А.Б., Орынбаева А. Никель электродын калий сульфаты ерітіндісінде айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі электрохимиялық қасиеттері // Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. – 2004. - №2. – 40-43.

[20] Бекенова Г.С., Баешов А.Б., Қонъирбаев А.Е. Никель электродын калий хлориді ерітіндісінде айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі электрохимиялық қасиеттері // Промышленность Казахстана. – 2004. - №3(24). - 34-35 б.

REFERENCES

- [1] Lidin R.A., Molochko B.A., Andreeva L.L. Himicheskie svoistva neorganicheskikh veshestv. M.: Himiya, 2000. – 480 p. (in Russ.).
- [2] Beregovskii V.I. Nikel i ego znachenie dlya narodnogo hozaystva. – M.: Metallurgiya, 1964. – 405 p. (in Russ.).
- [3] Drica M.E. Svoistva elementov. – M.: Metallurgiya, 1985. – 600 p. (in Russ.).
- [4] Samsonova G.B. Fiziko-himicheskie svoistva elementov. – Kiev, 1965. – 806 p. (in Russ.).
- [5] Kubasov B.L., Bannikov B.B. Elektrohimicheskaya tehnologiya neorganicheskikh veshestv. – M.: Himiya, 1989. – 288 p. (in Russ.).
- [6] Abrikosov A.A. Osnovi teorii metallov. - M.: Nauka, 1987. – 520 p. (in Russ.).
- [7] Bayeshov A. Izvestiya NAS RK. – 2011. - № 2. – P. 3-23.
- [8] Bayeshov A. Elektrohimicheskiye metodi izvlecheniya medi, halkogenov, i sinteza ih soedinenii. Alma-Ata: Nauka, 1990, 1089 p. (in Russ.).
- [9] Bayeshov A., Bayeshova A.K. Elektrohimicheskiye sposobi polucheniya neorganicheskikh veshestv. – Lambert: Academic Publishing, 2012. - 72 p. (in Russ.).
- [10] Bekenova G.S., Bayeshov A. *HKTU habarshisi*, 2003. - №2. – 40-43 p. (in Kazakh).
- [11] Bekenova G.S., Bayeshov A., Konurbayev A.E. *HKTU habarshisi*, 2003. - №6. – 9-14 p. (in Kazakh).
- [12] Bayeshov A., Bekenova G.S., Bayeshova A.K. Konurbayev A.E. *Izvestiya NAS RK*, 2004. - №6. – 171-175 p. (in Kazakh).
- [13] Bekenova G.S., Bayeshov A., Konurbayev A.E. *Izdenis*, 2004. - №1(2). – 18-21 p. (in Kazakh).
- [14] Bekenova G.S., Bayeshov A. *Izdenis*, 2005. - №1(2). – 18-21 p. (in Kazakh).
- [15] Bayeshov A., Bekenova G.S., Bayeshova A.K. E. *Buketov conference*, 2005. – 122-124 p. (in Kazakh).
- [16] Bayeshov A., Bekenova G.S., Bayeshova A.K. *Shokan tagilimi conference*, 2006. – 54 p. (in Kazakh).
- [17] Bekenova G.S., Bayeshov A. *Konference tezisi*, 2006. - 54 p. (in Kazakh).
- [18] A. B. Baeshov, A.S. Kadirkayeva, M. J. Jurinov. International Journal of Chemical Scince. Int. J. Chem. Sci.: 12(3), 2014. – P. 1009-1014. (in Eng).
- [19] Bekenova G.S., Bayeshov A., Orimbayeva A. *HKTU habarshisi*, 2004. - №2. – 40-43 p. (in Kazakh).
- [20] Bekenova G.S., Bayeshov A., Konurbayev A.E. *Promishlennost Kazakhstana*, 2004. - №3(24). - 34-35 p. (in Kazakh).

РАСТВОРЕНИЕ НИКЕЛЯ ПРИ ПОЛЯРИЗАЦИИ ПЕРЕМЕННЫМ ТОКОМ В СЕРНОКИСЛОМ РАСТВОРЕ

А.Б.Баешов¹, А.С. Кадирбаева², А.К. Баешова³, М.У. Абилова⁴
bayeshov@mail.ru, altinay aidyn2789@mail.ru, azhar_b@bk.ru, abilovs@mail.ru

Ключевые слова: электролиз, переменный ток, никель, электрод, поляризация.

Аннотация. В данной работе исследовано закономерности растворения никеля при поляризации промышленным переменным током с частотой 50 Гц пару электродов никель-титан в сернокислом растворе. Определено особенности растворения никеля в серной кислоте образующего сульфата никеля (NiSO_4) и рассмотрено влияние основных электрохимических параметров (плотность тока, концентрация электролита) на выход по току растворения никеля. С повышением плотности тока в интервале 10-300 kA/m^2 на титановом электроде, выход по току растворения никеля выше 100%. В этот момент максимальное значение скорости растворения никеля составляет 150 $\text{g/m}^2\cdot\text{ч}$. Изменение плотности тока на никельевом электроде в интервале 50-300 A/m^2 выход по току образования сульфата никеля снижается с 160% на 60%.

Поступила 12.03.2016 г.